

Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 117 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2021 жылы 1 сәуірде № 5915 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 02.05.2023 № 147 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Карантиндік объектілердің түрлері бойынша жалпы көлемі 8505, 323 гектар жерге аудандар (қалалар) бөлінісінде карантиндік режимді енгізе отырып, қосымшаға сәйкес облыс аумағында карантиндік аймақ белгіленсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 155 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5453 тіркелген, 2020 жылдың 10 сәуірінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Тұрдалиевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2021
жылғы 31 наурыздағы № 117
қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 19.04.2022 № 109 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Карантиндік объектілердің түрлері бойынша аудандар (қалалар) бөлінісінде карантиндік режимді енгізе отырып, белгіленген карантиндік аймақтың алаңы

№	Аудандар, қалалар	Барлық залалданған жер көлемі, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша			
			Калифорниялы қ қалқаншалы сымыр	Шығыс жеміс жемірі	Оңтүстік америкалық қызанақ күйесі	Қоңыр-мәрмәр қандала
1	Ақсу	503				
2	Алакөл	111,02	20	13		
3	Балқаш	1064				
4	Еңбекшіқазақ	2236,84	371,5	248	100,3	
5	Ескелді	152,15	12	58,5		
6	Жамбыл	19				
7	Іле	8				
8	Қарасай	459,5	15	15	0,5	
9	Қаратал	723,5			0,5	
10	Кербұлақ	922				
11	Көксу	28				
12	Панфилов	213	90,5	57		
13	Кеген	27				
14	Сарқан	80,116		21		
15	Талғар	367,9	135			0,32
16	Ұйғыр	48				
17	Қапшағай	294				
18	Талдықорған	151,5	8,5	14,5		
19	Текелі	18	1	17		
Барлығы		7426,526	653,5	444	101,3	0,32

кестенің жалғасы

Жеміс ағаштарының бактериалық күйігі	Жусан жапырақты ойраншөп	Жатаған у кекіре	Арам сояулар

		501	2
0,02		65	13
		964	100
344,04	550,5	300	322,5
76,15		0,5	5
19			
	1	5	2
	80	267	82
		720	3
		905	17
		17	11
		36,5	29
		22	5
11,116		43	5
172,1	33,7	24,02	2,76
		35	13
		243	51
		72	56,5
622,426	665,2	4220,02	719,76

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК